

"Corper Union Group" жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен қатты пайдалы қазбаларды барлау жұмыстарын жүргізу үшін жер учаскелеріне жария сервитут белгілеу туралы

Қарағанды облысы Осакаров ауданы Шідерті ауылдық округінің әкімінің 2026 жылғы 21 қаңтардағы № 2 шешімі

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 19-бабына, 69-бабына, 71-1-бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 35, 37-баптарына сәйкес, Осакаров ауданының Шідерті ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес "Corper Union Group" жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен қатты пайдалы қазбаларды барлау жұмыстарын жүргізу үшін 2030 жылдың 03 қыркүйегіне дейінгі мерзімге жер учаскелерін алып қоймай, Осакаров ауданының Шідерті ауылының аумағында орналасқан жалпы ауданы 1105,5248 гектар жер учаскелеріне жария сервитут белгіленсін.

2. "Corper Union Group" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (келісім бойынша) жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылардың шығындарын толық көлемде өтеуі қажет. Залалдардың мөлшері мен оларды өтеу тәртібі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес тараптардың келісімімен айқындалсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзімде қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Шідерті ауылдық округінің әкімі

А. Алдаркина

Осакаров ауданы
Шідерті ауылдық округі
әкімінің 2026 жылғы
"21" қаңтардағы
№2
шешіміне қосымша

Қатты пайдалы қазбаларды барлау шекараларындағы, оларға қатысты жария сервитут белгіленуге жататын жер учаскелерінің тізбесі

р/с	Кадастрлық нөмірі	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жария сервитут белгіленуге жататын учаскелер бөліктерінің ауданы (лицензия шекарасында), га
		Қарағанды облысы, Осакаров ауданы,	

1.	09-137-040	Шідерті ауылдық округі, Шідерті ауылының жерлері	310,3238
2.	09-137-040-183	Қарағанды облысы, Осакаров ауданы, Шідерті ауылдық округі, Шідерті ауылының жерлері, Мурсалимов Ардан Жумашевич	493,3040
3.	09-137-040-190	Қарағанды облысы, Осакаров ауданы, Шідерті ауылдық округі, Шідерті ауылының жерлері, Чолокиди Галина Павловна	129,7020
4.	09-137-040-148	Қарағанды облысы, Осакаров ауданы, Шідерті ауылдық округі, Шідерті ауылының жерлері, "Birlik Agro Invest"жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	40,0000
5.	09-137-040-169	Қарағанды облысы, Осакаров ауданы, Шідерті ауылдық округі, Шідерті ауылының жерлері , "Тайбурыл НК" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	4,2870
6	09-137-040-175	Қарағанды облысы, Осакаров ауданы, Шідерті ауылдық округі, Шідерті ауылының жерлері, "Birlik Agro Invest"жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	125,3450
7	09-137-040-170	Қарағанды облысы, Осакаров ауданы, Шідерті ауылдық округі, Шідерті ауылының жерлері , "Consulting" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	2,5630
	Барлығы		1105,5248